

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Мәдениет комитетінің
«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ



РГУ «Казахская национальная
консерватория имени Курмангазы»
Комитета культуры
Министерства культуры и информации
Республики Казахстан

ҚЫЗМЕТ ЕРЕЖЕ

2023 ж. 27 желтоқсан
дата

Алматы қ.

ПОЛОЖЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

№ ПВРК/Т.ПРОБ-08-23

г. Алматы

Бекітемін
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ
ректорының м. у. а.

Н. Н. Аширов
«27» желтоқсан 2023 жыл



ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ/ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ / ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛЕРІН БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Дайындалды:			
Ғылым бөлімінің басшысы Оқу-әдістемелік бөлім басшысы Сапа менеджменті секторының басшысы		Д.Е. Кешубаева А.Ж. Машимбаева А.С. Сарымсакова	<u>26.12.23</u>
Келісілді:			
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры	<u>204-</u>	Г. Б. Әбдірахман	<u>26.12.23</u>
Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректоры		Г. З. Бегембетова	<u>26.12.23</u>
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл жөніндегі бас әкімші		О. Омарұлы	<u>26.12.23</u>
Заң секторының басшысы		О. К. Тлегенова	<u>26.12.23</u>
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы мәліметтер.....	3
2. Қолданылған қысқартулар	3
3. Ғылыми/шығармашылық/әдістемелік нәтижелерді енгізу	3
4. Білім беру үдерісінде ҒЗЖ/Ш/ӘЖ /Ш/ӘЖ нәтижелерін енгізу нысандары.....	4
5. Ғылыми/шығармашылық/әдістемелік жұмыстарының нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу тәртібі	5
6. Комиссияның құқықтары мен міндеттері.....	6
7. Өзгерістер енгізу тәртібі.....	7
8. Қорытынды ережелер	7
1 қосымша. Білім беру процесіне ғылыми- зерттеу/шығармашылық/әдістемелік жұмыс нәтижелерін енгізу туралы акт нысаны	9
2 қосымша. ББ-да ҒЗИ/Ш/ӘЖ енгізу актілерін тіркеуге арналған журнал нысаны	10
Өзгерістерді тіркеу парағы.....	11
Танысу парағы	12

Ереже	Ғылыми-зерттеу/ шығармашылық/әдістемелік жұмыс нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу туралы ереже
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 2-ші беті

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

1. Осы «Білім беру процесіне ғылыми-зерттеу / шығармашылық / әдістемелік жұмыс нәтижелерін (бұдан әрі – ҒЗ/Ш/ӘЖ) енгізу жөніндегі ереже» (бұдан әрі-ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Консерватория) білім беру процесіне соңғы 5 жылда жарияланған инновациялық технологияларды және ғылыми-зерттеу/шығармашылық/әдістемелік жұмыс нәтижелерін енгізуге бірыңғай талаптарды белгілеу мақсатында әзірленді.

2. ҒЗЖ/Ш/ӘЖ /Ш/ӘЖ нәтижелерін Консерваторияның білім беру үдерісіне енгізудің мақсаты ғылыми-зерттеу қызметі мен ғылыми-зерттеу, шығармашылық, әдістемелік жұмыс әзірлемелерінің ЖОО-ның білім беру және шығармашылық үдерісіне интеграциялануын қамтамасыз ету болып табылады.

3. Осы Ереже Консерваторияның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және Консерваторияның Ғылыми кеңесінің шешімінен кейін ректордың бұйрығымен бекітіледі.

2. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

Консерватория	Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы
ҒЗЖ/Ш/ӘЖ	Ғылыми-зерттеу жұмысы
ШЖ	Шығармашылық жұмыс
ОӘЖ	Оқу-әдістемелік жұмыс
ҒЗЖ/Ш/ӘЖ	Ғылыми-зерттеу жұмысы
ПОҚ	Профессорлық-оқытушылық құрамы
БББ	Білім беру бағдарламасы
ҒБ	Ғылым бөлімі
ОӘБ	Оқу-әдістемелік бөлім
ҒАКҚ	Ғылыми-ақпараттық кітапхана қызметі

3. ҒЫЛЫМИ/ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ/ӘДІСТЕМЕЛІК НӘТИЖЕЛЕРДІ ЕНГІЗУ

4. Орындау нәтижелері бойынша дайындалған ПОҚ, докторанттар мен магистранттардың жарияланған еңбектері енгізу объектілері болып табылады:

- ✓ Ғылыми-зерттеу жұмыстары (рецензияланатын басылымдардағы мақалалар, диссертациялар, монографиялар, ғылыми-әдістемелік әзірлемелер);
- ✓ Шығармашылық жұмыстар (авторлық шығармалар, бірегей авторлық жобалар / шығармашылық өнімдері);

Ереже	Ғылыми-зерттеу/ шығармашылық/әдістемелік жұмыс нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу туралы ереже	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		12 беттің 3-ші беті

✓ Әдістемелік жұмыстар (оқу құралдары; оқу-әдістемелік құралдар; жұмыс дәптерлері; оқу-көрнекі құралдар; әдістемелік ұсынымдар; оқулық; практикумдар; анықтамалықтар; сөздіктер; семинар сабақтары, курстық және дипломдық жобалау бойынша Оқу құралдары; хрестоматия; иллюстрацияланған оқу құралы; интерактивті электрондық оқу құралы; Оқу құралы-емтихан сұрақтарына жауаптар; анықтамалық оқу құралы; жаттығулар мен тапсырмалар жинағы; әдістемелік мақалалар жинағы, рецензияланған әдістемелік мақала және т.б.). ПОҚ, докторанттар мен магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмысының жетістіктерін білім беру бағдарламаларына енгізу оқытудың заманауи және өзекті сипатын, оның жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейін, сондай-ақ білім алушылардың білім алуға қызығушылығын және оларды болашақ мамандықта пайдалану көрінісін қамтамасыз етеді.

5. Ғылыми-зерттеу, шығармашылық, әдістемелік жұмыстардың жетістіктерін енгізу білім алушыларды ғылыми қызметтің түрлеріне дайындайды, сондай-ақ зерттеу жұмысы, ғылыми конференцияларда сөз сөйлеу, ғылыми жұмыстар конкурстарына қатысу, рецензияланатын журналдарда және өзге де мерзімді баспасөзде, еңбек жинақтарында жариялау, патенттер ұсынуда тең авторлық сияқты ғылыми қызмет нысандарына тартады.

6. Ғылыми-зерттеу жұмысының жетістіктерін енгізу білім алушыларды жобалау-зерттеу жұмысы, ғылыми конференцияларда сөз сөйлеу, ғылыми жұмыстар конкурстарына қатысу, рецензияланатын журналдарда және өзге де мерзімді баспасөзде жариялау, еңбек жинақтары, патенттер ұсынуда бірлесіп авторлық ету сияқты ғылыми қызмет түрлеріне баулиды.

7. ПОҚ әдістемелік жұмысының жетістіктерін енгізу білім алушыларға материалды тиімді игеру үшін алгоритмді, ережелерді, оқыту әдістерін нақты ұстануға мүмкіндік береді. ПОҚ-ның шығармашылық жетістіктері орындаушылардың репертуарын және «Өнер» бағыты бойынша жобалау қызметін кеңейтеді.

8. Мазмұны бойынша ҒЗЖ/Ш/ӘЖ /Ш/ӘЖ енгізілетін нәтижелері соңғы 5 жылда шығарылған және консерваторияның ОӘК/ҒК бекітілген болуы керек, мазмұны:

- 1) жаңа теориялық тұжырымдар, жалпылау;
- 2) зерттеу мен оқытудың жаңа әдістері, әдістемелері;
- 3) заманауи аппаратураны, музыкалық аспаптарды және компьютерлік бағдарламаларды қолдану тәжірибесі;
- 4) ҒЗЖ/Ш/ӘЖ нәтижелерін қызметтің белгілі бір салаларына және басқа да ғылыми жетістіктерге іс жүзінде енгізу;
- 5) жаңа музыкалық шығармалар, өңдеулер, аранжировкалар және т. б. жасау арқылы орындаушылар репертуарын іс жүзінде кеңейтуді қамтуы мүмкін.

Ереже	Ғылыми-зерттеу/ шығармашылық/әдістемелік жұмыс нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу туралы ереже
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 4-ші беті

9. ҒЗЖ/Ш/ӘЖ /Ш/ӘЖ нәтижелерін іске асыруды қамтамасыз ететін негізгі ұйымдық бірліктер кафедра мен факультет болып табылады. Оқу процесіне ҒЗЖ/Ш/ӘЖ /Ш/ӘЖ нәтижелерін іске асыруды үйлестіруді және бақылауды консерваторияның оқу-әдістемелік бөлімі мен ғылым бөлімі жүзеге асырады.

4. БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ҒЗЖ/Ш/ӘЖ НӘТИЖЕЛЕРІН ЕНГІЗУ НЫСАНДАРЫ

10. Білім беру үдерісіне ҒЗЖ/Ш/ӘЖ /Ш/ӘЖ нәтижелерін енгізу нысандары әр түрлі, ол оқу қызметінің барлық элементтерін қамтиды және бір білім беру бағдарламасы шегінде мерзімді түрде өзгеруі мүмкін.

11. Білім беру үдерісіне ҒЗЖ/Ш/ӘЖ нәтижелерін енгізудің мазмұнды аспектілері:

- a) білім алушылардың болашақ кәсіби қызметімен өзара байланыста ҒЗЖ/Ш/ӘЖ тақырыбы бойынша проблемалық дәрістер оқу;
- b) дәрістер мен семинарларға жаңа теориялық ережелер мен қорытындылар енгізу;
- c) ҒЗЖ/Ш/ӘЖ тақырыбы есебінен міндетті және қосымша әдебиеттер тізімін кеңейту;
- d) жаңа техникалық жабдықта, музыкалық аспаптарда немесе бағдарламалық қамтамасыз етуде жұмыс істеу қағидаларын игеру;
- e) білім алушылардың ҒЗЖ/Ш/ӘЖ тақырыбы бойынша рефераттар, курстық жұмыстар, дипломдық жобалар, магистрлік диссертациялар және теориялық пікірлер жазуы;
- f) кафедраның ҒЗЖ/Ш/ӘЖ-мен байланысты ғылыми-зерттеу орталықтарындағы көшпелі теориялық және практикалық сабақтар;
- g) білім алушылардың кафедраның ғылыми бағыттары бойынша ғылыми-зерттеу, шығармашылық, әдістемелік жобаларын орындауы;
- h) білім алушыларды ҒЗЖ тақырыбы бойынша ғылыми зерттеу жұмысына тарту;
- i) білім алушыларды студенттік ғылыми конференцияларға (рефераттық және эксперименттік секциялар) қатысуға дайындау;
- j) семинар, практикалық сабақтарды, курстық және дипломдық жобаларды орындау бойынша білім алушыларға әдістемелік көмек көрсету;
- k) білім алушыларды ЖОО ішіндегі және жоғарғы оқу орнынан тыс ауқымдағы ғылыми конференцияларға қатысуға дайындау;
- l) емтихан сұрақтарына анықтамалық құралдар - жауаптар, жаттығулар мен тапсырмалар жинақтары, жұмыс дәптерлерін игеру арқылы білім алушыларды емтихан сессиясына дайындау;
- m) ҒЗЖ/Ш/ӘЖ қорытындысы бойынша білім алушыларды басылымдар жазуға тарту;

Ереже	Ғылыми-зерттеу/ шығармашылық/әдістемелік жұмыс нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу туралы ереже
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 5-ші беті

- п) Білім алушылардың кафедра үшін ҒЗЖ/Ш/ӘЖ мәселелері мен қорытындылары бойынша стендтер, плакаттар, слайдтар, мультимедиялық презентациялар әзірлеу және рәсімдеу.
- о) жаңа туындылардың педагогикалық және орындаушылық репертуарына кіріспе.

12. Бұл Ереже ҒЗЖ/Ш/ӘЖ нәтижелерін енгізу нысандарын шектемейді, бірақ кез келген өзге нысандар осы Ережемен және оның негізгі тармақтарымен өзара байланыстылық болуы тиіс.

5. ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІН БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

13. Ғылыми, инновациялық және басқа да жобалар бойынша ҒЗЖ/Ш/ӘЖ нәтижелерін енгізуге жатады.

14. ҒЗЖ/Ш/ӘЖ нәтижелерін енгізуді кафедралар бастамашылық етеді.

15. ҒЗЖ/Ш/ӘЖ нәтижелерін енгізу кезең-кезеңмен жүзеге асырылады және екі бағыт бойынша даму-бекітуі мүмкін.

16. ҒЗЖ/Ш/ӘЖ нәтижелерін енгізу үдерісі:

а) а) әзірлеуші (ПОҚ мүшесі) нақты ББ, пән, сабақ түрі, олар (оқу пәндері) бекітілген кафедра отырысында сағат көлемі үшін енгізу объектісі, оны оқу процесінде пайдаланудың болжамды мүмкіндіктері мен нәтижелері туралы баяндайды;

б) талқылау қорытындысы бойынша кафедра отырысында ҒЗЖ/Ш/ӘЖ -ның ұсынылған объектісін оқу үдерісіне енгізу мүмкіндігі туралы шешім қабылданады;

с) кафедра ҒЗЖ/Ш/ӘЖ нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу туралы актіні (бұдан әрі – Акт) және комиссия үшін ҒЗЖ/Ш/ӘЖ объектісінің баспа түріндегі көшірмесі мен кафедра отырысының хаттамасынан үзінді материалдар дайындайды.

д) кафедра отырысының хаттамасы енгізу тиімділігі, лекциялық, практикалық, семинарлық, зертханалық сабақтар сағаттарының саны көрсетілген үзінді, оларды өткізу кезінде әзірлеу пайдаланылады және т.б.) консерваторияның ОӘБ арқылы Комиссия қарауына беріледі (комиссия қызметі туралы 6-бөлімін қараңыз).

е) ҒЗЖ/Ш/ӘЖ бекіту бойынша ОӘК/ҒК отырысының хаттамасынан үзінді;

ф) актінің мазмұнын автор кафедра отырысының үзіндісінде көрсетілген мәліметтер негізінде бір данада, ҒЗЖ/Ш/ӘЖ орындалған тілде қалыптастырады.

г) оң шешім қабылданған жағдайда Актіге комиссия мүшелері бұрыштама қояды, оны ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректорымен келісіледі, сондай-ақ оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректорымен бекітіледі.

Ереже	Ғылыми-зерттеу/ шығармашылық/әдістемелік жұмыс нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу туралы ереже
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 6-ші беті

17. Акт Ғылым бөлімінде тіркеледі және Консерватория сайтының тиісті бөлімінде қойылады (2-қосымшаны қараңыз).

18. Әзірлеуді енгізуге қатысатын автор мен оқытушылар пәннің оқу бағдарламасына сәйкес қолданыстағы ПОӘК, силлабустар, дәріс курстары, семинар, практикалық және зертханалық сабақтар материалдарын түзетуді қамтамасыз етеді; ғылыми және оқу-әдістемелік материалдарының ақпараттық қорларын қалыптастырады, оның ішінде Консерватория оқытушылары мен студенттері пайдалану үшін кітапханаға баспа және электронды түрде ҒЗЖ/Ш/ӘЖ даналарын ұсынады.

6. КОМИССИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

19. Білім беру үдерісіне ҒЗЖ/Ш/ӘЖ-ын енгізу туралы Актілерді Консерватория ректорының бұйрығымен арнайы құрылған комиссия қарайды.

20. Комиссияға оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор, ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор, ОӘБ басшысы, ҒБ басшысы, ҒАКҚ басшысы, менеджмен сапасы секторының басшысы кіреді.

21. Актілерді қарау үшін ректордың шешімі бойынша қажетті және өзге де қызметкерлер комиссия мүшесі бола алады.

22. Комиссия жетекшілік ететін проректордың қызметтік жазбасы негізінде оқу жылына бір рет бекітіледі.

23. Комиссияның өкілеттік мерзімі бұйрықта көрсетіледі.

24. Актілерді мақұлдау туралы өтініштерді қарау жөніндегі комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

25. Комиссия **міндетті**:

а) ОӘК факультеттерінен түсетін барлық Актілерді қарауға;

б) келіп түскен актілердің осы Ереженің талаптарына сәйкестігін және нысанға сәйкестігін, сондай-ақ барлық қажетті құжаттардың (кафедра отырыстарының үзінділері, ОӘК /ҒК; нысан бойынша жасалған акт; ол енгізілетін ББ үшін ҒЗЖ/Ш/ӘЖ-де қаралатын проблематиканың өзектілігі; енгізілетін ҒЗЖ/Ш/ӘЖ-нің тақырыптық құжаттарда болуы ОӘК және силлабус жоспары; монографияның бедері түрінде ҒЗЖ/Ш/ӘЖ болуы; журналдағы мақалалар; авторлық эссе; оқу құралы; әдістемелік ұсынымдар; оқулық және т.б.) кітапханада және комиссия отырысында және т.б. болуын тексеру;

с) білім беру үдерісіне ҒЗЖ/Ш/ӘЖ Актілері бойынша оң немесе теріс шешімдер қабылдау.

26. Комиссияның **құқығы** бар:

1) осы Ереженің талаптарына сәйкес келмейтін Актілерді қабылдамау;

2) Актілерді әзірлеушіге пысықтауға жіберу;

3) ҒЗЖ/Ш/ӘЖ мен Актіге қатысты қосымша құжаттарды (плагиат, қабылдау туралы анықтама және басқалар) талап ету.

Ереже	Ғылыми-зерттеу/ шығармашылық/әдістемелік жұмыс нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу туралы ереже
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 7-ші беті

7. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

27. Осы Ережені өзгерту жөніндегі ұсыныстар Ғылыми кеңестің отырысында талқыланады және көпшілік дауыспен қабылданады немесе жойылады (отырысқа қатысып отырған ҒК мүшелер санының кемінде 2/3 дауысы).

28. Ережеге өзгерістер енгізу сапа менеджменті секторы басшысының оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректорымен келісілген қызметтік хаты негізінде Консерваторияның Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

29. Ережеге өзгерістер енгізу «Өзгерістерді тіркеу парағында» міндетті белгісі бар СМЖ талаптарына сәйкес жүргізіледі.

30. Ережедегі өзгерістер туралы хабарламалар барлық кафедраларға және Консерваторияның жауапты құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі.

31. Ереженің түпнұсқасы құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінде, көшірмелері ОӘБ-де сақталады.

32. Ереженің сканерленген көшірмесі Консерватория сайтының мазмұнына сәйкес бөлімге ілінеді.

33. Ереженің даналарын Консерваторияның құрылымдық бөлімшелеріне жіберуді ОӘБ және ҒБ бір-бірінің келісімі бойынша жүзеге асырады.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

34. Осы Ережені, сондай-ақ оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды Консерваторияның ректоры бекітеді және олар бекітілгеннен кейін күшіне енеді.

35. Ереженің тармақтарын орындау міндетті, сондай-ақ осы құжатта ескерілмеген жаңа қосымша шығындардың пайда болуынан және нормативтік құжаттардың өзгеруіне байланысты толықтырылуы немесе өзгеруі мүмкін.

36. Ереже тармақтарын іске асыруда туындайтын өзге де мәселелер Консерватория Жарғысына не Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

Ереже	Ғылыми-зерттеу/ шығармашылық/әдістемелік жұмыс нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу туралы ереже
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 8-ші беті

1-қосымша. Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу туралы Акт нысаны

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
**«Құрманғазы атындағы Қазақ
ұлттық консерваториясы» РММ**



**РГУ «Казахская национальная
консерватория имени Курмангазы»**
Министерства культуры и информации
Республики Казахстан

**Ғылыми-зерттеу/ шығармашылық/әдістемелік жұмыс
нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу туралы
АКТІ**

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының комиссия мүшелері және ректордың бұйрығымен бекітілген №____ «____» _____ 2022 ж., осы актіні құрастырды, 202__/202__ кафедра оқу жылында «_____» ғылыми-зерттеу _____ жұмысының _____ нәтижелері _____ енгізілді _____ (ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы, аты-жөні) тақырыбы бойынша:
«_____»

Енгізу нысаны (жаңа курс атауы, дәрістер бөлімі, практикалық жұмыс және т.б.); курс, білім беру бағдарламасы	Енгізу көлемі (дәрістер, практикалық немесе семинар сағатының саны)	Қысқаша мазмұны енгізілген жұмысы
ҒЗЖ/Ш/ӘЖ нәтижелері «_____» енгізілген курс «_____» бакалавриат (магистратура) БББ бойынша (шифр және атауы): _____ Кредиттердің жалпы саны: _____	«_____» (дәрістер сағатының саны) «_____» (практика/семинар сағатының саны)	

Осы актідегі материалдар кафедра отырысында (202____ ж. №____ хаттама) және ОӘБ-де (202____ ж. №____ хаттама) қаралды.

Комиссия мүшелері:	Аты-жөні	Қолы
Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор		
Ғылыми-шығармашылық және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор		
Ғылым бөлімінің басшысы		
Оқу-әдістемелік бөлімінің басшысы		
Ғылыми-ақпараттық кітапхана қызметінің басшысы		
Сапа менеджмент секторының басшысы		

2-қосымша. ҒЗЖ/Ш/ӘЖ -ны БББ-ға енгізу актілерін тіркеуге арналған журнал нысаны.

Ереже	Ғылыми-зерттеу/ шығармашылық/әдістемелік жұмыс нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу туралы ереже
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 9-ші беті

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Ереже	Ғылыми-зерттеу/ шығармашылық/әдістемелік жұмыс нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу туралы ереже	
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы		12 беттің 11-ші беті

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Ереже	Ғылыми-зерттеу/ шығармашылық/әдістемелік жұмыс нәтижелерін білім беру үдерісіне енгізу туралы ереже
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы	12 беттің 12-ші беті